Акциялар шығарылымының осы проспектісін табыстау сәтінде акционерлік қогамның лицензиялары (патенттері), зерттеу мен өндеуге кеткен шығындары жоқ. Бірақ заңнаманың талаптарына сай акционерлік қогам банктік және өзге операцияларды, бағалы қағаздар нарығында кәсіптік қызметті жүзеге асыруға оның қызметіне қажетті лицензияларды алуға ииетті.

24. Соңғы еki жылда немесе акционерлік қогамның нақты құрылған мезгілінде откізілген өнімдер (орындалған жұмыстар, қызметтер) көлемі.

Заңнамаға сәйкес «Астана-финанс» банкі» АҚ қажетті лицензияларды алғанға дейін, қогам өзінің қызметін жүзеге асыруға құқығы жоқ, сондықтан акциялар шығарылымының осы проспектісін табыстау сәтінде қызметтер көрсетілмеген.

25. Өзінің өнімдерін (жұмыстарын, қызметтерін) сатуды ұйымдастыру бойынша қогамның қызметі.

Тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) тұтынушылары мен жеткізушилері туралы мәліметтер жоқ.

26. Акционерлік қогамның қызметіне әсер ететін факторлар:

1) мезгілдік сипатты бар қызметтің түрлері, акционерлік қоғамның жалпы табысында олардың үлесі:

Акционерлік қоғам қызметінің мезгілдік сипатты жоқ.

2) откізілетін өнімнің жалпы көлеміндегі акционерлік қоғамға жеткізілетін (көрсетілетін) шикізаттың (жұмыстың, қызметтің) импорттағы үлесі және акционерлік қоғаммен экспортқа откізілетін өнімнің (жұмыстың, қызметтің) үлесі:

Заңнамаға сәйкес акционерлік қоғаммен қажетті лицензияларды алғанға дейін, акционерлік қоғам өзінің қызметін жүзеге асыруға құқығы жоқ, сондықтан акциялар шығарылымының осы

проспектісін табыстау сәтінде қоғаммен қызметтер көрсетілмеген, осыған байланысты үлесті анықтау мүмкін емес.

3) сот іс жүргізуінде акционерлік қоғамның қатысуы туралы мәліметтер. Оның қатысуымен сот іс жүргізуінің мәнін сипаттау қажет, оның нәтижелері бойынша акционерлік қоғамның қызметінің тоқтатылуы немесе өзгеруі, одан ақшалай және өзге міндеттеме өтелуі мүмкіндіктің болуы:

Өзінің қатысуы бар «Астана-финанс» банкі АҚ сот іс жүргізулері жоқ, оның қорытындысы бойынша қызметтің тоқтатылуы немесе өзертілуі, сондай-ақ «Астана-финанс» банкі АҚ маңызды ақшалай және өзге міндеттеме артуы болуы мүмкін.

4) соңғы жыл ішінде уәкілетті мемлекеттік органдармен және (немесе) сотпен акционерлік қоғамға және оныңлауазымды тұлғаларына артылған барлық әкімшілік шаралар туралы мәліметтер:

«Астана-финанс» банкі АҚ және оныңлауазымды тұлғаларына әкімшілік шаралар артылмаған.

6) Тәуекел факторлары:

Тәуекел түрлері		Түсіндірмелер
Елдік тәуекел	макроэкономикалық	Казақстанда және әлемде макроэкономикалық жағдайдың кері өзгеру, соның ішінде ВВП өсу қарқының төмендеу, елдің инвестициялық тартымдылығының нашарлау, ұлттық және шетел валютасының нарқының қолайсыз өзгеру тәуекелімен байланысты, тиісті валютада білдірілген төлемдер мен түсімдердің баланстың жағдайсыздығына соқтырады.
	саяси	«Астана-финанс» банкі АҚ қызметінің нәтижелеріне қолайсыз әсер ететін Қазақстандағы саяси құрылым, сыртқы саяси бағыттың өзгеру мүмкіндігімен ерекшеленеді.
	әлеуметтік	Қазақстан азаматтарының әлеуметтік жағдайы нашарлауының мүмкінді тәуекелі, осының нәтижесінде «Астана-финанс» банкі АҚ қызметінің нәтижелеріне қолайсыз әсер ететін саяси құрылым мен үкіметтің даму бағытына наразылықтың тууы.
Нарықтық тәуекел	бағалы қағаздарға бағаның өзгеру тәуекелі	Құбылмалылықтың, әр түрлі бағалы қағаздарға бағалардың арасында, баға және нарықтың индексінде арасында тәуелділіктің өзгеруі, дивиденттік төлемдердегі өзгерістер «Астана-финанс» банкі АҚ акциялар бағасына негативті әсер беруі мүмкін;
	портфельдің шамадан тыс концентрация тәуекелі	Несиелік портфельдің нақты құралдарда, ірі қарызы алушыларда және экономиканың нақты секторларында шамадан тыс концентрациясы «Астана-финанс» банкі АҚ несиекабылеттілік көрсеткіштеріне негативті әсер беруі мүмкін.
		Пайыздар ставкасындағы өзгерістер, қисық табыстырылыштың артықшылығының өзгеруі, әр

	пайыздық тәуекел	түрлі ставкалар мен индикаторлар арасындағы пайыздық ставкалардың, тәуелділіктің және спредтердің күбылмалылығын қоса алғанда, пайыздық ставкалардың қозғалысынан негативті әсер. «Астана-финанс» банкі» АҚ табыстарының басты бабы болып пайыздық табыс табылады. Нарықтық пайыздық ставкаларының өзгеруі олжа және таза пайыздық табысқа әсер ететін сол деңгейде пайыздық тәуекел есептеледі.
	өтімділікті басқару	Төлем мерзімі басталғаннан барлық ақшалай міндеттемелерді өтеу үшін қаражаттардың ұдайы болуын қамтамасыз ету мақсатында «Астана-финанс» банкі» АҚ өтімділікті басқаруды жүзеге асыруға инетті.
	валюталық тәуекелді басқару	Шетел валютасында қаржылық құралдармен жұмыс шетел валютасының нарқының қолайсыз өзгеру тәуекелімен ұштасады. Валюталық тәуекелді басқару ашық валюталық позицияның мөлшеріне тиісті лимиттерді орналастыру жолымен жүзеге асырылады.
	несиелік тәуекел	Несиелік тәуекел өзімен «Астана-финанс» банкі» АҚ алдында қарыз алушымен немесе басқа тараппен өзінің міндеттемелерін орындамау нәтижесінде қаржылық шығындар тәуекелін көрсетеді. Несиелік тәуекелді басқаруға уәкілетті Несиелік комитетті құруды қосып алғанда, несиелік қызметке бақылауды жүзеге асыру бойынша саясат пен процедураларды «Астана-финанс» банкі» АҚ қарастырады.
	бәсекелестік	Басқа қаржылық ұйымдардың тарапынан қатан бәсекелестіктің болуы ұсынылатын қызметтердің деңгейі мен сапасын арттыруға «Астана-финанс» банкі» АҚ ынталандырады.
Операциялық тәуекел		Техникалық қателер немесе адамдардың қателері нәтижесінде пайда болатын мүмкінді қаржылық шығындарды операциялық тәуекел көрсетеді. Несиелік операциялар мен төлемдерді жүргізу үшін жаңа технологиялар мен программалық қамтамасыз етулерді енгізу жолымен «Астана-финанс» банкі» АҚ операциялық тәуекелді төмендетеді.

«Астана-финанс» банкі» АҚ қызметіне негізгі тәуекелдеріне несиелік тәуекел, өтімділік тәуекелдер, пайыздық ставкаларды және валюта наркын өзгерту тәуекелдері жатады.

Қаржылық тәуекелдерді басқарудың негізгі мақсаттары тәуекелдердің лимиттерін орнату және тәуекелге берілгендейк берілген шекте қалдырылатынға бақылау болып табылады. Операциялық және заңды тәуекелдерді басқару қызметі – операциялық және заңды тәуекелдерді төмендешу үшін ішкі саясат пен процедуралардың тиісті қызмет етуіне бақылау.

«Астана-финанс» банкі» АҚ тәуекелдермен басқару жүйесі төмендегі элементтерден тұратын тәуекелдің осы немесе басқа түрін «Астана-финанс» банкі» АҚ басшылығы айқындауга, жайылдырымауга, өлшеуге және бақылауга мүмкіндік береді:

- активтер мен пассивтерді басқару;
- белсенді операциялар саясатын өндіру және орындау;
- жеке операциялар бойынша шешімдер қабылдауда өкілеттіліктерді бөлу;
- нормативтер мен лимиттерді орнату;
- ішкі басқарушылық есеп және қаржылық талдау;
- азық-тулік пен қызметке орталықтандырылған баға құрылуы (тарифтер);

- есептілікке және құжат айналымына талаптарды белгілеу;
- мониторинг;
- аудит;
- қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Банктік қызметтің, жеке операциялардың, үйымдастырылған бөлімшелердің бағыттары үшін мүмкін тәуекел деңгейін сапалы анықтау мағыналы процедура болып табылады. Мұнда «Астана-финанс» банкі АҚ қазіргі уақытта бар тәуекелді өзгертумен шектелмейді, сонымен бірге банктік қызметтің жаңа нарығын, операциялары мен бағыттарын менгеру тәуекелдерін бағалау жоспарланып отыр.

«Астана-финанс» банкі АҚ тәуекелді бақылау қызметін орындау тәуекелді басқару жүйесін, әдістемелердің бірнешеуін қолдану нәтижесі және «Астана-финанс» банкі АҚ нақты бөлімшелерінің күнделікті қызметтің қорытындысы болып табылады. «Астана-финанс» банкі АҚ тәуекелді бақылау үшін жоспарланады жасауға: өкілеттіліктерді бөлу жүйесін, сыңалған лауазымдық нұсқаулықтар, ақпаратты таратудың жетілдірілген каналдары. Тәуекелді бақылау «Астана-финанс» банкі АҚ Директорлар кеңесінің, әр түрлі деңгейдегі басшылардың және қатардағы банктік қызметкерлерінің қызметтіне жатады.

Тиімді ішкі басқарушылық бақылау тәуекелдерді бақылау үшін маңызды роль ойнайды. Мақсат-минимум лауазымдық өкілеттіліктерді айқын анықтауға және шек қоюға, екі еселік бақылауды қамтамасыз етуге, кадрлардың ротациясына, сондай-ақ бұл мақсаттарға қажетті жұмыс уақытын бөлуге алыш келеді.

Тәуекелдер мониторингі кері байланыс механизмі бар тәуекелді бағалау және бақылаудың үнемі тәуелсіз жүйесімен қамтамасыз етіледі. Мониторингті ақпараттық лауазымдық есеп беру, аналитикалық қызмет, ішкі және сыртқы аудит арқылы орындау болжанады. Мониторинг шеңберінде қабылданатын есептілік менеджерлерді кері байланыспен қамтамасыз етеді, сондай-ақ оларға толық және ірілендірілген ақпаратты табыстайды. Бұл ақпарат ағымдағы қызметті талдауға мүмкіндік береді, «Астана-финанс» банкі АҚ қызметтің жеке бағыттарының шешімдеріне, сонымен бірге «Астана-финанс» банкі АҚ жалпылай қатысты шешімдеріне де қажет.

Қаржылық қыншылықтарды алдын алу шаралары

«Астана-финанс» банкі АҚ құруға жоспарланып отырған тәуекелдер басқару жүйесі қолайсыз салдардың болу мүмкіндігін уақытында болжауға жағдай жасайды және олардың алдын алу үшін тиімді шараларын қабылдауды қамтамасыз етеді.

Несиелік тәуекел:

- Мерзімдер, пайыздық ставкалар, инвестициялау бағыттары бойынша активтерге салымдардың лимиттері ай сайын белгіленіп отырады;
- Несиелік тәуекелдің жан жақты бағасы негізінде несие беру туралы мәселелерді коллегиалды шешуді көздейтін несиелік комитеттердің жүйесі әрекет етегін болады;
- Банктің несиелік портфелі жағдайының күнделікті мониторингі болады;
- Ұдайы негізде қарыз алушылар және кепілшілердің ағымдағы жағдайының мониторингі, кепілге алынған мүліктің нарықтық бағасының қозғалысын бақылау жүзеге асырылады, кепіл пәні жағдайларын үнемі тексеру жүргізіледі.

Өтімділік тәуекелі:

- Ағымдағы өтімділікті күнделікті бақылаумен қамтамасыз ету жоспарланып отыр: валютаның барлық түрлері бойынша «Астана-финанс» банкі АҚ барлық корреспонденттік есеп-шоттарында ақшалай қаражаттың қозғалысы кіретін, нақты уақыт тәртібінде «Астана-финанс» банкі АҚ төлем позициясын жүргізу;
- Орта жеделдіктегі өтімділікті басқару мақсатында Банктің барлық бөлімшелерінің белсенді және енжар операцияларын жоспарлау «Астана-финанс» банкі АҚ өтімділік құралдарда қажеттілігін есептеп жүзеге асырылады;
- Әр түрлі қаржылық құралдарға активтерді орналастыру қор көздерінің көлемінің жеделдігін есепке ала отырып, жүзеге асырылады;

- «Астана-финанс» банкі» АҚ талаптары мен міндеттемелерін өтеуін талдау үшін сақтық шаралары уақтылы қабылдануы қамтамасыз етіліп отырады.

Нарықтық тәуекел:

- Пайыздық ставкалардың өзгеру тәуекелін басқару мақсатында тарту және орналастырудың нарықтық ставкаларының тұрақты мониторингі жузеге асырылатын болады;
- Тарту және орналастыру мерзімдері қысқа банкаралық несиелердің төменгі үлесті активтер мен пассивтер құрылымында сүйемелдеу қамтамасыз етіледі;
- «Астана-финанс» банкі» АҚ қарыз алушылары және кепілші болып табылатын клиенттері қызметтерінің салаларын дамыту болашағы мониторингі жүргізілетін болады.
- Тарту мерзімдері бойынша халықтың салымдар құрылымын ықшамдау бойынша жұмыс ұйымдастырылады (талап етілгенге дейін салымдар мен жедел салымдар саны арақатынасы).
- «Астана-финанс» банкі» АҚ қызметінің барлық бағыттары бойынша нарықты өзгертуге жайлы көңіл бөлуді қамтамасыз ету жоспарланып отыр.

Валюталық тәуекел:

- «Астана-финанс» банкі» АҚ ашық валюталық позициясын барлық валюталық операциялар бойынша нөлге жақын ұстануы жоспарланып отыр;
- «Астана-финанс» банкі» АҚ валюталық талаптар мен міндеттемелерінің талдауы жүргізіледі, көлемі, мерзімі бойынша олардың сәйкестігі, реттеу бойынша шаралар жедел қабылданады;
- Ұдайы негізде шетел валюталары нарығының өзгеруі болжай жүзеге асырылатын болады;
- «Астана-финанс» банкі» АҚ корреспонденттік шоттары әлемнің дамыған елдерінің нық банктерінде ашылатын болады.

Операциялық тәуекел:

- Банктік операцияларды жүзеге асырудың тәртібін толық белгілеу қамтамасыз етіледі. Жаңа қызметті немесе операцияны енгізу оны жүзеге асырудың технологиясы мен процедурасын бекіткеннен кейін жүзеге асырылады;
- Шарттардың бекітілген қалыпты нысандарын қолдану жолымен және/немесе құқықтық қамтамасыз ету басқармасымен мәмілелерді алдын ала үйлестіріп операциялардың заңды рәсімделуіне бақылау қамтамасыз етіледі;
- Қызметтер мен өкілеттіліктерді бөлу, операцияларды қос енгізу және бекіту қагидасының негізі салынады;
- Бірлескен желіге жету жолы және пайдалану ережелері қатаң тәртіпке қойылады;
- «Астана-финанс» банкі» АҚ ақпараттық қауіпсіздігін қорғау бойынша шаралар жүйесі енгізіледі, филиалдар мен басты ұйымдардың бірлескен желісінің және ақпараттық қауіпсіздігінің жағдайын жоспардағы және жоспардан тыс тексерулер жүзеге асырылатын болады;
- «Астана-финанс» банкі» АҚ операциялық жүйесінде бұзушылықтан қорғау мақсатында «Төтенше жағдайларда «Астана-финанс» банкі» АҚ қызметкерлерінің әрекеттерінің тактикасы бойынша басшылық» дайындалады. Байланыстың қор каналдары енгізіледі, кіруге шектеулі жеке бөлмеде жанбайтын сейфте құжаттардың көшірмелерін сақтау жүзеге асырылады;
- Жұмысшылар жағынан жоғары бақылауды талап ететін мәмілелердің белгілері анықталатын болады;

- Жүйелік негізде қызметтің барлық бағыттары бойынша бөлімшелердің қызметін тексеруін жүзеге асыру, банк ішіндегі тексерулермен айқындалған қалыпты бұзушылықтарды жүйелі түрде шолу жоспарланып отыр.

4. Қоғамның қаржылық жағдайы

27. Инвестициялар.

Акциялар шығарылымының осы проспектісін ұсыну сәтінде «Астана-финанс» банкі» АҚ басқа заңды тұлғалардың капиталына ұзақ мерзімді инвестициялары жоқ.

28. Дебиторлық қарызы.

Акциялар шығарылымының осы проспектісін ұсыну сәтінде «Астана-финанс» банкі» АҚ дебиторлық қарызы жоқ.

29. Активтер.

17.06.2008 жыл жағдайы бойынша «Астана-финанс» банкі» АҚ активтері «Цеснабанк» АҚ депозитіндегі, жарғылық капиталға жарнаны төлеуге «Астана-финанс» АҚ түскен 1 000 000 000 (бір миллиард) теңге мөлшерінде ақшалай қаржаттармен табысталған.

30. Қоғамның жарғылық және меншікті капиталы туралы мәліметтер.

17.06.2008 жыл жағдайы бойынша «Астана-финанс» банкі» АҚ жарғылық капиталының 50% құрылтайшылармен төленген және 1 000 000 000 (бір миллиард) теңгені құрайды. «Астана-финанс» банкі» АҚ меншікті капиталы 17.06.2008 жыл жағдайы бойынша 1 000 000 000 (бір миллиард) теңгені құрайды.

31. Қарыздар.

«Астана-финанс» банкі» АҚ банктік қарыздары және несиелік желілері жоқ, «Астана-финанс» банкі» АҚ облигациялар шығарылымы жүзеге асырылмаған.

32. Қоғаммен негізгі қызметтің жүзеге асырумен байланысты несиелік қарыз (жеткізушилдер алдында қарыз, алынган аванстар):

«Астана-финанс» банкі» АҚ негізгі қызметтің жүзеге асыруға байланысты несиелік қарызы (жеткізушилдер алдында қарыз, алынган аванстар) жоқ.

5. Қаржылық ұйымдардың қаржылық жағдайы

33. Банкаралық заемдары (банктермен толтырылады).

Заңнамаға сәйкес акционерлік қоғаммен қажетті лицензияларды алғанға дейін «Астана-финанс» банкі» АҚ өзінің қызметтің жүзеге асыруға құқығы жоқ, сондықтан акциялар шығарылымының осы проспектісін ұсыну сәтінде «Астана-финанс» банкі» АҚ банкаралық заемдары жоқ..

34. Салымдар (банктермен толтырылады).

Заңнамаға сәйкес «Астана-финанс» банкі» АҚ қажетті лицензияларды алғанға дейін «Астана-финанс» банкі» АҚ өзінің қызметтің жүзеге асыруға құқығы жоқ, сондықтан акциялар шығарылымының осы проспектісін ұсыну сәтінде Банктің депозиттік базасы жоқ.

35. Шетел мемлекеттердің заңнамасына сәйкес тіркелген облигациялардың қолданыстасы арбір шыгарылымының құрылымының сипаттамасы (орналастырылған, өтмелген және сатып алынған облигациялар саны, есептелген купондар, сондай-ақ соңғы үш жылда облигациялардың өтмелген (уақытынан бұрын өтмелген) шыгарылымдары туралы мәліметтер).

«Астана-финанс» банкі» АҚ шетел мемлекетінің заңнамасына сәйкес тіркелген облигацияларды бұрын шығармаған.

36. Акционерлік қоғам баланстық құнынан бес пайыздан асатын қолданыстасы халықаралық заемдар шарттары (сыйақы сомасы, отеу кестесі, мөлшері) туралы, және соңғы үш жылда оның активтерінің баланстық құнынан бес пайыздан асатын мөлшерде тартылған және орындалған халықаралық заемдар туралы мәлімет.

«Астана-финанс» банкі» АҚ халықаралық заемдар тартпаған.

37. Акционерлік қоғамда басқа ұйымдардан алынған ашық несиелік жеселілер туралы мәліметтер, олардың атауын, мекен-жайын, несие сомасын, сырғы мөлшерін, отеу күнін және пайдалану мақсатын көрсете отырып.

«Астана-финанс» банкі» АҚ басқа ұйымдардың ашық несиелік желісі жок.

38. Қаржылық нәтижелердің талдауы.

Акционерлік қоғам жаңадан құрылған заңды тұлға болып табылады, акциялар шыгарылымының осы проспектісін табыстау сәтінде акционерлік қоғамның қызметті жүзеге асырылмаған, сондықтан бұл тармақ қолданысқа жатпайды.

39. Кейінгі екі жылдагы табыстар мен шығындардың құрылымы.

Жок.

40. Акционерлік қоғамның пікірі бойынша аса маңызды болып табылатын және қоғамның қызметтің сипаттайтын қаржылық коэффициенттердің есеп-қисабы.

«Астана-финанс» банкі» АҚ жаңадан құрылған заңды тұлға болып табылады, проспектінің әзірлеу сәтінде қаржылық коэффициенттерді есептеу мүмкін емес.

41. Ақциялардың шыгарылымы проспектісі күніне Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген пруденциалды нормативтердің және орындауга міндетті басқа нормалар мен лимиттердің магыналары.

«Астана-финанс» банкі» АҚ жаңадан құрылған заңды тұлға болып табылып, банктік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы болмагандықтан, пруденциалды нормативтердің сақтау бойынша есеп жүргізуге мүмкіншілік жок.

42. Ақциялардың шыгарылымы туралы шешім Қоғаммен қабылдаганга дейін соңғы алты ай ішінде берілген кепілдердің көлемі және саны.

«Астана-финанс» банкі» АҚ кепілдер берген емес.

43. Акционерлік қоғаммен бұрын берілген кепілдер, сол талаптары нәтижесінде пайда бола алатын оның мүмкін міндеттемелеріне байланысты өзге ақпарат.

Жок.

6. Бағалы қағаздар шығарылымдары туралы мәліметтер

44. Бағалы қағаздардың тіркелген шығарылымдары:

«Астана-финанс» банкі» АҚ бағалы қағаздардың шығарылымын бұрын тіркеген емес.

7. Жарияланған акциялар шығарылымы туралы мәліметтер

45. Акциялар туралы мәліметтер:

1) Акциялардың саны, түрлері:

«Астана-финанс» банкі» АҚ жарияланған акциялардың саны 2 000 000 (екі миллион) дана жай атаулы акцияларды құрайды.

2) Құрылтайшылар арасында орналастырылатын (орналастырылған) акциялардың саны, түрлері:

Құрылтайшымен 2 000 000 (екі миллион) дана жай атаулы акциялар орналастырылды.

3) Құрылтайшымен төленетін бір акцияның номиналды құны:

Құрылтайшымен төленетін бір акцияның номиналды құны, әрқайсысы 1 000 (бір мың) теңгени құрайды.

4) Басымдық берілген акциялар бойынша дивиденттің кепілді мөлшері:

«Астана-финанс» банкі» АҚ басымдық берілген акциялар шығарылмаган.

46. Қоғамның еркін айналымды бағалы қағаздары.

Еркін айналымды бағалы қағаздар көзделмеген.

47. Төлем жүргізетін агент туралы мәлімет.

Проспекті әзірлеу сәтінде төлем жүргізетін агент жоқ.

48. Акционерлік қоғамның тіркеушісі туралы мәліметтер.

«Астана-финанс» банкі» акционерлік қоғамның тіркеушісі болып «Қор орталығы» акционерлік қоғамы («Қор орталығы» АҚ) табылады.

Мекен-жайы: 050091, Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 79а, тел.: (727)- 250-89-60.

Бағалы қағаздар ұстаушылар тізімін жүргізу бойынша қызметті жүзеге асыруға №0406200386 лицензияны 15 маусым 2005 жылы Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржылық үйімдарды реттеу және қадағалау бойынша Агенттікпен берілген.

«Қор орталығы» АҚ және «Астана-финанс» банкі» АҚ 2008 жылдың 05 маусымында №05/06 тізім жүйесін жүргізу бойынша қызмет көрсету шартына қол қойылған.

8. Қосымша ережелер

49. Акциялар шығарылымына шығындар сомасы.

Жоқ.

50. Инвесторлар үшін мәлімет.

«Астана-финанс» банкі АҚ Жарғысымен, акциялар шығарылымы Проспектісімен, осы құжаттарға өзгертулер мен қосымшалармен, акцияларды орналастыру қорытындысы Есебімен танысуға, сонымен бірге «Астана-финанс» банкі АҚ қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін қолданылатын бұқаралық ақпарат құралдарының атавы туралы мәліметтерді потенциалды инвесторлар: 050059, Алматы қаласы, Самал-3 ықшам ауданы, 25 үй, тел.: (727) 272-91-42 мекенжайы бойынша ала алады.

Көгамның қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін банктің WEB-сайты www.afbank.kz қолданылады.

Қаржылық-шаруашылық қызметті жүзеге асыруға уәкілетті тұлға



Есентугелов Ж.А.

«Астана-финанс» банкі» АҚ
жалғыз құрылтайшысының шешімімен

«БЕКІТІЛГЕН»

«07» май 2008 жылғы

№ H хаттамасы

«Астана-финанс» АҚ

Директорлар кеңесінің төрағасы

Исламов К.К.



**«Астана-финанс» банкі» АҚ акцияларын сатып алуша
«Астана-финанс» банкі» АҚ акцияларының құнын анықтау
ӘДІСТЕМЕСІ**

«Астана-финанс» банкі» АҚ акцияларын сатып алуша
«Астана-финанс» банкі» АҚ акцияларының құнын анықтау
ӘДІСТЕМЕСІ

«Астана-финанс» банкі» АҚ акцияларын сатып алуша
«Астана-финанс» банкі» АҚ акцияларының құнын анықтау
ӘДІСТЕМЕСІ

«Астана-финанс» банкі» АҚ акцияларын сатып алуша
«Астана-финанс» банкі» АҚ акцияларының құнын анықтау
ӘДІСТЕМЕСІ

Астана қаласы, 2008 ж.

1. «Астана-финанс» банкі» АҚ (одан әрі – Қоғам) орналастырылған акцияларын сатып алу оларды одан әрі сату мақсатында немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның жарғысына қайшы келмейтін мақсатта Қоғамның бастамасы бойынша акционердің келісімімен жүргізілуі мүмкін.
2. Орналастырылған акцияларды сатып алу Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген жағдайларда көрсетілетін Қоғамның акционерінің талабы бойынша осы құжатқа сәйкес жүргізілуі қажет.
3. Қоғамның бастамасы бойынша орналастырылған акцияларды Қоғаммен сатып алынуы Қоғамның Директорлар Кеңесінің шешімі негізінде осы құжатқа сәйкес жүргізіледі.
4. Қоғам өзінің орналастырылған акцияларын сатып алуға құқылы емес:
 - 1) акционерлердің бірінші жалпы жиналышын өткізгенге дейін;
 - 2) акцияларды орналастыру нәтижелері туралы есепті бекіткенге дейін;
 - 3) егерде акцияларды сатып алу нәтижесінде Қоғамның менишікті капиталының көлемі Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген минималды жарғылық капиталдың көлемінен кем болса;
 - 4) егерде акцияларды сатып алу уақытында банкроттық туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғамда төлеуқабылетсіздік немесе жағдайсыздық белгілері болса немесе көрсетілген белгілер барлық талап етілетін немесе сатылып алынуға жататын акцияларды сатып алу нәтижесінде пайда болса;
 - 5) сотпен немесе Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналышымен оның жоюолуы туралы шешім қабылданса.
5. Қоғамның бастамасы бойынша оның орналастырылған акцияларының сатып алынатын саны олардың жалпы санының бір пайызынан асса, акцияларды сатып алу – сату мәмілесін (мәмілелерін) жасағанға дейін Қоғам мұндай сатып алу туралы «Казахстанская правда» газетінде хабарландыру орналастыру жолымен өзінің акционерлеріне хабарлауы қажет. Өзінің орналастырылған акцияларын сатып алу туралы Қоғамның хабарландыруында онымен сатып алынатын акциялардың түрлері, саны, бағасы, мерзімі және оларды сатып алу шарттары туралы мәлімет болуы қажет.
6. Қоғамның акционерлерімен сатып алынуға мәлімделінген Қоғамның орналастырылған акцияларының саны Қоғаммен сатып алуға жарияланған акциялардың санынан асқан жағдайда, бұл акциялар акционерлерге жататын акцияларының санына пропорционалды түрде акционерлерден сатып алынады, келесі коэффициентке сәйкес:

$$K=A/C$$

Мұнда K – пропорцияның коэффициенті, A – сатып алынуға Қоғаммен жарияланған акциялардың жалпы саны, C – сатып алынуға Қоғамның акционерлерімен мәлімделінген, Қоғамның орналастырылған акцияларының жалпы саны. Қоғаммен акционерден сатып алынатын акциялардың соңғы саны акцияларды сатып алуға акционермен мәлімделінген санын пропорция коэффициентіне көбейту жолымен есептелінеді.

7. Қоғамның Директорлар Кеңесі Қоғамның акцияларын сатып алу туралы шешім қабылдауда акцияларды сатып алу бағасы келесі әдістемелердің біреуі бойынша анықталуы мүмкін:

- құнды қағаздардың үйімдастырылған нарығында туындаған орта салмақтағы баға (сатып алу бағасын анықтау күніне құнды қағаздардың үйімдастырылған нарығында акцияларды айналдырғанда);
- акциялардың балансстық құны.

7.1. Құнды қағаздардың үйімдастырылған нарығында орта салмақты баға бойынша акцияларды сатып алу:

- орналастырылған акцияларды Қоғаммен сатып алу орналастырылған акцияларды сатып алу туралы хабарландыру күнінің алдында соңғы 30 күнтізбелік күн ішінде туындаған орта салмақтағы баға бойынша жүргізіледі;
- орналастырылған акцияларды сатып алу туралы хабарландыру күнінің алдында соңғы 30 күнтізбелік күн ішіндегі акциялардың орта салмақтағы бағасы Қоғамның акцияларымен жасасқан мәмілелері бойынша құнды қағаздардың үйімдастырылған нарығында туындаған баға бойынша есептелінеді;
- нақты кезең ішіндегі акциялардың орта салмақтағы бағасы болып уақыттың осы кезеңдегі ақшалай түрдегі акциялар мәмілелері көлемін осы мәмілелердегі акциялар санына бөлу нәтижесінде алынған баға танылады.

Шығарылған акцияларды сатып алу туралы хабарландыру күнінің алдында соңғы 30 күнтізбелік күн ішіндегі акциялардың орта салмақтағы бағасы:

$$C=V/A$$

формуласы бойынша есептелінеді, мұнда

C - орналастырылған акцияларды сатып алу туралы хабарландыру күнінің алдында соңғы 30 күнтізбелік күн ішіндегі акциялардың орта салмақтағы бағасы;

V - орналастырылған акцияларды сатып алу туралы хабарландыру күнінің алдында соңғы 30 күнтізбелік күн ішіндегі ақшалай түрдегі құнды қағаздардың үйімдастырылған нарығында осы акциялар бойынша мәмілелердің көлемі (көрсетілген кезеңдегі акциялармен барлық мәмілелер бойынша сәйкес көрсеткіштерді қосындылау жолымен есептелінеді);

A - орналастырылған акцияларды сатып алу туралы хабарландыру күнінің алдында соңғы 30 күнтізбелік күн ішінде жасалған мәмілелердегі акциялардың саны (көрсетілген кезеңдегі акциялармен барлық мәмілелер бойынша сәйкес көрсеткіштерді қосындылау жолымен есептелінеді).

7.2. Акциялардың балансстық құны бойынша акцияларды сатып алу:

Қоғамның акцияларының балансстық құны Қоғамның меншікті капиталын есептеу және Қоғамның орналастырылған акцияларының санына қатынасын есептеу жолымен анықталады. Меншікті капиталының мөлшері Қоғамның акцияларын сатып алу туралы шешімді қабылдау күніне анықталады. Мұнда орналастырылған акциялардың есебіне Қоғамның өзімен сатып алынған, ре-эмиссиялық есептегі акциялардың саны алынбайды. Қоғамның акцияларының балансстық құны

$$B = \frac{CK}{K_p - K_v},$$

формуласы бойынша есептеледі, мұнда

B – акциялардың балансстық құны,

СК – Қоғамның меншікті капиталының мөлшері,

Кр – Қоғамның орналастырылған акцияларының саны,
 Кв – Қоғамның сатып алынған саны.

8. Акциялардың он және одан көп пайзына иелі акционерлерден Қоғам өзінің акцияларын сатып алу бойынша мәмілелер жасасуға құқылы, мұнда мәмілелер нәтижесінде қаржылық тұрақтылықтың көрсеткіштері немесе белгілері (нормативтері) бұзылмауы шарт.
9. Қоғаммен сатып алынатын орналастырылған акциялардың саны орналастырылған акциялардың жалпы санынан жиырма бес пайыздан аспауы қажет, ал Қоғамның орналастырылған акцияларын сатып алуға кеткен шығын оның меншікті капиталының көлемінің он пайызынан аспауы қажет.
10. Қоғаммен сатып алынған акциялар дауыс беруші акциялардың санына кірмейді.
11. Алғашында сатып алынған акцияларды Қоғамның сату туралы ниеті болса, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген Қоғамның акционерлерімен акцияларды сатып алу артықшылығы процедурасын Қоғам сақтауы міндетті.
12. Акцияларды орналастыруда оларды кері сатып алу міндеттемесі бар мәмілелерді жасауға Қоғамға тыйым салынады.
13. Акцилардың құнын анықтау процедурасымен байланысты және осы құжатпен қозғалмаған барлық қалған шарттар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен реттеледі.